

«С.Ж.Асфендияров атындағы
Қазақ ұлттық медицина
университеті» коммерциялық
емес акционерлік
қоғамы»



«Некоммерческое
акционерное общество
Казахский национальный
медицинский университет
имени С.Д.Асфендиярова»

050012, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 94 үй
телефон: +7/727/292-78-85, 292-79-37, 338-70-30
факс: +7/727/292-13-88, e-mail: info@kaznmu.kz

050012, город Алматы, улица Төле би, д.94
телефон: +7/727/292-78-85, 292-79-37, 338-70-30
факс: +7/727/292-13-88, e-mail: info@kaznmu.kz

БҰЙРЫҚ
07.12.2021

Алматы қаласы

ПРИКАЗ
№ 638

город Алматы

**«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ
Сенатының 2019 жылғы 23 қазандағы
Сенат туралы Ережесіне өзгерістер
енгізу туралы (№8 хаттама)**

«С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ Сенат отырысының №15 хаттамасының 16–тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

I. Университеттің даму және интеграция жөніндегі комитет пен клиникалық қызмет жөніндегі екі комитетті клиникалық қызмет және университеттің интеграциясы жөніндегі бір комитетіне біріктірілсін. 6 – тарау, 6.1 – тармақ, 2 – тармақша.

II. Клиникалық қызмет және университеттің интеграциясы жөніндегі комитеттің төрағасы, Сенат алқасының мүшесі – дипломнан кейінгі білім беру факультетінің деканы Баймаханов Абылай Ниятович бекітілсін.

III. Клиникалық қызмет және университеттің интеграциясы жөніндегі комитеттің құрамы бекітілсін:

1. Баймаханов А.Н. – комитет төрағасы, дипломнан кейінгі білім беру факультетінің деканы.
2. Манжуова Л.Н. – комитет төрағасының орынбасары, «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» ААҚ басқарма төрағасының ғылыми–клиникалық жұмыс жөніндегі орынбасары, м.ғ.к.
3. Сепбаева А.Д. – жауапты хатшы, балалар хирургиясы кафедрасының профессоры, м.ғ.д.
4. Шопаева Г.А. – жалпы медицина – 2 мектебінің деканы, м.ғ.д.
5. Джардемалиева Н.Ж. – халықаралық факультет деканы, м.ғ.к.
6. Сугралиев А.Б. – ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к.

7. Усатаев М.М. – Стратегиялық мониторинг және даму департаментінің басқарушысы.
 8. Кодасбаев А.Т. – жүрек–қантамыр хирургиясы кафедрасының меңгерушісі, «Алматы қалалық кардиологиялық орталығының» директоры, м.ғ.к.
 9. Ижанов Е.Б. – «Қазақ онкология және радиология ғылыми – зерттеу институты» АҚ хирургиялық кеңесінің төрағасы, м.ғ.к.
 10. Чорманов А.Т.– «А.Н. Сызғанов атындағы ұлттық ғылыми хирургия орталығы» ААҚ басқарма төрағасының ғылыми – клиникалық жұмыс және инновациялық қызмет жөніндегі орынбасары, м.ғ.к.
 11. Терликбаева А.Т.–«Акушерия, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» АҚ басқарма төрағасының ғылым және стратегия жөніндегі орынбасары, м.ғ.к.
 12. Сакипова З.Б. – фармацевтика факультетінің деканы, ф.ғ.д., профессор.
 13. Дильбарханов Б.П. – стоматология мектебінің деканы.
 14. Карибаев К.Б. – қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің деканы, PhD.
- IV. Клиникалық қызмет және университеттің интеграциясы жөніндегі комитеттің қызметтері бекітілсін:

1. университеттің және оның еншілес мекемелері дамуының стратегиялық жоспарының көрсеткіштері мен индикаторларын қарастырады және келіседі, стратегиялық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар туралы ұсыныстар енгізеді;
2. университеттің ұйымдық құрылымына қазіргі заманғы қажеттіліктерге сәйкес келетін клиникалық процесті, ғылыми–тәжірибелік бағдарламаларды оңтайландыру үшін қажетті өзгерістер енгізу туралы ұсынымдық сипаттағы ұсыныстар, оның ішінде ғылыми және клиникалық бөлімшелерді құру, қайта ұйымдастыру, тарату туралы ұсыныстар енгізеді;
3. әлемдік университет жүйесі интеграциясы мен халықаралық байланыстардың дамуы туралы талқылап, қорытындыларды енгізеді;
4. оқытушылар, білімгерлер, ғалымдар мен басқа да мамандардың халықаралық байланысты жақсарту мен дамуы бойынша ұсыныстар енгізу;
5. ғылым–білім беру үрдісін қамтамасыз ету үшін университеттің клиникалық базаларын бағалау критерийі бойынша ұсыныстар өңдейді және енгізеді;
6. университеттің бекітілген оқу бағдарламаларына сәйкес бейінді клиникалардың (ҒЗИ, ҒО, УК) қызметін қарастырады және үйлестіреді;
7. оқу үрдісінің үштілділігін қамтамасыз ету үшін бейінді клиникалар құру бойынша ұсыныстар енгізеді және ҒЗИ, ҒО, УК клиникалық бөлімшелерінде үштілділікті енгізу сапасын бағалайды;
8. клиникалық бөлімшелер мен клиникалық базалар атқаратын ұйымдастыру–әдістемелік жұмыстарына баға береді;

9. Алматы қаласы және бақылау аймақтарының денсаулық сақтауды басқару мекемелері мен клиникалық базалардың клиникалық кафедралармен өзара байланысу мәселелерін қарастырады;
 10. профессорлық–оқытушылық құрамның тәжірибелік денсаулық сақтаудағы жаңа емдік–диагностикалық технологияларды енгізу тиімділігі мәселелерін ұсынады;
 11. университет міндеттемелері аясында ҚР ДСМ жол картасы және бекітілген бейінді қызметтер бойынша іс–шаралар мәселесін қарастырады.
- V. Бұйрықтың орындалуын бақылау Сенат төрағасы Ж.Б.Испаеваға жүктелсін.

Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), НУРГОЖИН ТАЛГАТ, НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С. Д. АСФЕНДИЯРОВА", BIN181240006407



<https://short.salemoffice.kz/NOgPW0>

Электрондық құжатты тексеру үшін: <https://salemoffice.kz/verify> мекен-жайына өтіп, қажетті жолдарды толтырыңыз. Электрондық құжаттың көшірмесін тексеру үшін қысқа сілтемеге өтіңіз немесе QR код арқылы оқыңыз. Бұл құжат, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтарда шыққан Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес, қағаз құжатпен тең дәрежелі болып табылады. / Для проверки электронного документа перейдите по адресу: <https://salemoffice.kz/verify> и заполните необходимые поля. Для проверки копии электронного документа перейдите по короткой ссылке или считайте QR код. Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.